

Міржақып Дулатұлы

Міржақып
Дулатұлы (1885—1935) —
қазақтың аса көрнекті
ағартушысы, қоғам
қайраткері, ақын, жазушы,
жалынды көсемсөз шебері.



51. Міржақып Дулатов.
Орынбор, 1914 жыл.


51. Мирзакуб Дулатов.
Оренбург, 1914 год.

51. Mirzhaqyp Dulatov.
Orenburg, 1914.

Алыстан Алаш десе аттанамын,
Қазақты қазақ десе
мақтанамын.

Болғанда әкем қазақ, шешем
қазақ -

Мен неге, қазақтықтан
сақтанамын?!



Өмірбаяны

Ауылдық мектептен орыс және қазақ тілінде оқып, Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін бітірген. Алғашқы өлеңі мен мақаласы 1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетінде жарияланған. «Айқап» журналында басылған мақалалары, әңгімелері мен өлеңдері: «Ай астында еш нәрсе басқарылмай тұрмақ емес», «Государственный Дума һәм қазақ», «Екі қыздың мұңы», «Хан Абылай», «Жиһангер Николай Степнов (Әліби Жангелдин), «Қазақ халқының бас азаматтарына», «Жазу тәртібі», «Эсперанто тілі», «Айқапқа», «Қапастағы ұрының мінәжәті», «Шаттық» т.б.



«Алаш» партиясының басшылары, сол жағында **Ахмет Байтұрсынұлы**, ортасында **Әлихан Бөкейхан**, оң жағында **Міржақып Дулатұлы** (1917 жылғы сурет)

"Бақытсыз Жамал" романы

1910 жылы оның "Бақытсыз Жамал" атты романы жарық көрді. Бұл роман жазушының шығармашылық жолындағы ірі табыс қана емес, бүкіл қазақ әдебиетіндегі елеулі көркем туынды болды. "Бақытсыз Жамал" қазақ әдебиетінде көркем прозалық үлгіде жазылған тұңғыш роман еді. Әйелдердің бас еркі, қоғамдағы жағдайы туралы баяндады.



Оян, қазақ!

Өзінің алғашқы өлеңдерінен бастап туған халқының тағдырындағы қиындықтар мен ауыртпалықтардың сырына үңіліп, оның әлеуметтік тамырын әшкерелеуді мақсат еткен.

ОЯН, ҚАЗАҚ!

(Алаш қозғалысының бас ұраны)

КӨЗІҢДІ АШ,
ОЯН, ҚАЗАҚ,
КӨТЕР БАСТЫ,
ӨТКІЗБЕЙ ҚАРАҢҒЫДА
БЕКЕР ЖАСТЫ.
ЖЕР КЕТТІ,
ДІН НАШАРЛАП,
ХАЛ ҢАРАБ БОП,
ҚАЗАҒЫМ,
ЕНДІ ЖАТУ ЖАРАМАС-ТЫ!

Міржақып
ДУЛАТҰЛЫ (1909)

Міржақып Дулатұлының туынды өлеңдер жинағы 1909 жылы Қазан қаласындағы «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шықты. Шөлденген адамның таңдайын жобіткен бір жұтым сусынның қадірі қандай болса, туған халқының ұлттық ой-санасын оқудың бұл жинақтың да маңызы дәл сондай еді. «Оян, қазақ!» нұсқасында жатқан қазақтың мұң-кең-намысты өятты. «Оян, қазақ!» қолдан-қолға, ауыздан-ауызға тарап, аз ұлқыттың ішінде ақынның атын алыс жерлерге дейін танытты. «Оян, қазақ!» өзге ұлттардың да оянуына терең әсер еткені сонша – қазақтың ұлттық манифесінің ізінен «Оян, түрік», «Оян, жапон!» атты кітаптар дүниеге келді.




Міржақып ДУЛАТҰЛЫ
(1885–1935)

Ақын, жазушы, журналист, драматург, композитор, Алаш қозғалысының қайраткері

Міржақып Дулатұлының Абай шығармашылығын зерттеуі

Абай қазақтың жаңа әдебиетінің басы, негізін салушы деген тұжырым, алғашқы жарық жұлдыз деген балама. Орыстың бірінші жазушысы Ломоносов деп санап, Абайдың өз халқының тарихындағы орны онымен қатарлас



Міржақып Дулатұлы туралы фильмдер

- ◎ 1993 — «Міржақыптың оралуы» режиссері: Қ. Умаров
- ◎ Жанры: “Деректі фильм” Өндіріс: “Қазақтелефильм”
- ◎ 1994 — «Алаш туралы сөз» Алашорда режиссері: Қ. Умаров
- ◎ Жанры: “Деректі фильм” Өндіріс: “Қазақтелефильм”
- ◎ 2009 — «Алашорда» Алашордарежиссері: Қ. Умаров
- ◎ Жанры: “Деректі фильм” Өндіріс: “Қазақфильм” Шәкен Айманов атындағы

